

## 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 21 ақпандағы № 27-қ қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 ақпанда № 3825 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" заңдарына сәйкес, Мұнайлы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Мұнайлы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Е. Овезов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Біләловке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Елтизаров

Мұнайлы ауданы әкімдігінің

2019 жылғы "21" ақпан

№ 27-қ қаулысына

қосымша

## 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 05.12.2019 № 264-қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге бір	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарында ата-анаға
--	---	---	--

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы топтар	тәрбиеленушілер саны (жеке меншік, мемлекеттік)			айда жұмсалатын шығындардың орташа құны (жеке меншік, мемлекеттік), теңге			бір айдағы төлемақысын мөлшері (жеке меншік мемлекеттік), теңге			
	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық	Түзету топтары	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық
1-ден 3-ке дейінгі топтар		150	2808		29518	45579	30150		12464	12464
4-тен 5-ке дейінгі топтар	100	188	1206	30150	29518		30150	12464	12464	12464
6-дан 7-ге дейінгі топтар	150		605	30150			30150	12464		12464
8-ден 9-ға дейінгі топтар	415			30150				12464		
10-нан және одан да көп топтар	1650			30150				12464		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК